

ҚАРАҒАНДЫ МЕМЛЕКЕТТІК МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ.
“ АНАТОМИЯ КАФЕДРАСЫ”

СӨЖ

ТАҚЫРЫБЫ: ТІРІ АДАМНЫҢ АНАТОМИЯСЫН ОҚУ ӘДІСТЕРІ,
АНТРОПОМЕТРИЯ. ДЕНЕ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ ТИПТЕР.

ОРЫНДАҒАН: ДАУИТБАЕВА П.Б.

121 ГРУППА

ТЕКСЕРГЕН: Б.СЕРИКОВНА

ҚАРАҒАНДЫ 2010

ЖОСПАР

КІРІСПЕ

ТІРІ АДАМНЫҢ АНАТОМИЯСЫ ТУРАЛЫ ТҮСІНІК.

II. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

А) РЕНТГЕНОСКОПИЯ ЖАЙЛЫ ТҮСІНІК

Б) РЕНТГЕНОГРАФИЯ ТУРАЛЫ ТҮСІНІК

В) АНТРОПОМЕТРИЯ ЖАЙЛЫ ТҮСІНІК

Г) АДАМ ДЕНЕСІНІҢ БӨЛІМДЕРІ НІҢ АЙМАҚҚА БӨЛІНУІ

Д) ДЕНЕ ҚҰРЫЛЫСЫНЫҢ ТҮРЛЕРІ, ОЛАРҒА ТӘН ЕРЕКШЕЛІКТЕР

III. ҚОРЫТЫНДЫ

Кіріспе

Анатомия ғылымы адам денесінің сыртқы пішіні мен сыртқы құрылысын зерттеумен бірге, олардың өзара байланысын, біртұтастығын дәлелдейді. Организмді жан - жақты зерттеуіне байланысты бірнеше салаға бөлінеді: топографиялық, мүсіндік, функционалды, динамикалық, антропологиялық, микроскопиялық т.б. Адам анатомиясын зерттеу жалпы 2 салаға бөлінеді: бөлшектеу және тұтастай бөліп қарастыру арқылы.

Организмнің тұтастығы және оның жеке бөліктерінің құрылымдық қосындысы мен олардың байланысы арқылы жүзеге асады.

Анатомия салаларына қысқаша түсінік

Сипаттамалы

Организмнің құрылысы мен пішінін сипаттайды

Топографиялық

Адам денесіндегі органдардың орналасу тәртібінің өзара байланысын хирургиялық мақсатқа орай зерттеу

Пластикалық

Адам денесінің сырт пішінін, оның мүшелерінің пропорциясын зерттеп, суретшілік ілімнің негізін қалайды.

Функционалды

Организмдегі органдардың қалыптасуын, еңбекке, жұмыс әрекетіне және сыртқы ортаға бейімделуі

Динамикалық

Адам денесіндегі тірек қимыл аппаратының құрылысын зерттеп, спортқа қажетті материалдар береді.

Адам анатомиясын зерттеу әдістері жалпы екі салаға бөлінеді.

Аналитикалық
(адам
мүшелерін
бөлшектеу
арқылы)

Эксперименталдық
(адам мүшелерін
тұтастай
тексеретін саласы)

Аналитикалық әдістер құрамына мына әдістер жатады:

Өлік денесін кескілеу



Инъекциялық



Коррозиялық



Мацерациялық



Фиксациялау



Микроскопиялық



“Кескілеу әдісі”

Ол микропрепараттар жасауға,
адам денесінің барлық
мүшелерімен танысуға
мүмкіндік береді.

“Инъекциялық әдіс”

Тез қататын бояулы заттарды
пайдалану арқылы өтеді. Сол
бояулы сұйықтықпен қуысты
органдардың іші толтырылып,
пішіні, құрылысы тексеріледі.

“Коррозиялық әдіс”

Өте нәзік және күрделі құрылысты органдардың құрылысын тексереді. Осы органдардың тамырларын тез қататын заттарды құйып, қатқан соң әр түрлі қышқыл ерітіндісімен сыртқы жұмсақ тканін ыдыратып, ішкі құрылысы мен пішіні анықталады.

”Мацерациялық әдіс”

Өлік денесін шірітіп, одан кейін қайнаған сумен шаю арқылы сүйектерден тұтас қаңқа жасауға мүмкіндік береді. Ол сүйектер жұмсақ тканьнен ажыратылып, кептіріліп, сабаққа оқу құралы ретінде беріледі.

“Фиксациялау әдісі”

Тұтас денені, жеке
органдарды бұзбай, ұзақ
уақытқа сақтау үшін
қолданылады.

“Микроскопиялық әдіс”

Анатомиялық зертеу кезінде
органдардың нәзік құрлысын
байқау үшін
микропрепараттар арқылы
микроскоп аспабын
қолданумен өтеді.

Рентгеноскопиялық әдіс

Рентген сәулесі арқылы органдардың бейнесін экранда көрсету арқылы анықталатын әдіс



Рентгеноскопия әдісі - организмнің біртұтастығын анықтап қана қоймай, дене құрылысындағы органдардың қалыпты жағдайын, сүйектердің орналасуын анықтап, патологиялық бұзылған жағдайда тексеруге мүмкіндік береді.



Рентгенографиялық әдіс

Рентген сәулесі арқылы органдардың бейнесін арнаулы пленкаларға түсіріп алатын әдіс.



Антропометриялық әдіс


Адамның сырт пішінін, салмағын өлшеу арқылы қалай дамып келе жатқанын анықтайды. Бұл әдіс эксперименталдық зерттеу әдісіне жатады. Антропологиялық әдістердің ішінде ең бір дамыған, яғни адамның сыртқы дене пішінін, жасын, жынысын, физикалық құрылым ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік береді.

Анықталатын объектіге байланысты оның әр түрлі салалары бар. Соматометрия - тірі адамды өлшеу;
Краниометрия - бассүйекті өлшеу; остеометрия - қаңқа сүйектерін өлшеу;



Антропометрия әдісінің антропоскопияға қатысы бар, яғни дене құрылысы формасының, бас, бет, тері, шаш, көз қабықтарының нақты сипаттамасын береді.

Антропометрия әдісінің маңыздылығы өте жоғары және ерте кезден бастап қолданылуда. Криминалистикада саусақ іздерін анықтауда қолданылған.

Антропометрия - адам денесінің морфологиялық құрылымын анықтайтын бірден - бір әдіс. Бұл әдіс арқылы бұлшықет күштерінің, тонуларының қандай топқа жататындығын, және жас балалардың физикалық тұрғыдан дамуын, өсуін анықтайды.



Антропометрия әдісі арқылы - көбінесе адамның бойы, салмағы, төс аумағы, дене құрылымының жеке - жеке бөліктері ерекшеленіп, анықталады.



Зоологиялық классификация бойынша адам барлық омыртқалылармен бірге хордалылар типіне жатады, себебі эмбриональдық даму кезінде редуцияланған хорда типінің қалыптасуына байланысты омыртқалылардың тармақтарына осьтік қаңқасы омыртқа жотасы болады. Адамның дене құрылысының негізгі принциптері:

Полярлық дегеніміз

Дененің әр түрлі дифференцияланған екі жағы немесе полюсі болуы: бас (краниальды) жағында қоректік заттарды қабылдайтын қуыстық оральдық полюс, ал оған қарама - қарсы төменгі (каудальды) жағында аборальдық полюс.






Fig. 12. The human skeleton in standing posture (from [1]).



Билатеральды (екі жақты) симметрия


Дененің екі жақ жартысының бір - біріне ұқсастығы, соған байланысты көптеген органдардың жұп болуы, және олардың орталық жазықтықтың екі жағында қарама - қарсы орналасуы.



Дененің сегменттік немесе метамерлік бөліктерге бөлінуі



Осындай құрылыс омыртқалы жануарлар мен адамда эволюциялық даму кезінен сақталады. Адамда эволюциялық ұзақ даму кезінде, метамерлік құрылыс тұла бойында сақталмаған, тек филогенездік даму процесіне негіз болған тұлға бөлігінде ғана сақталған. Сол себептен жеке жатқан омыртқалар, екі - екіден келген қабырғалар, олардың аралығында жатқан еттер, тамырлар мен нервтер ғана метамерлі құрылысы мен дамуының көрсеткіші болады.



Организм корреляциясы



Организмнің кейбір бөліктерінің арақатынастарының заңдылықтары. Ч. Дарвин оны “дамудың арақатынасының заңдылығы” деп атады. Осы заңдылық бойынша организмнің кейбір бөліктерінің формасы басқа бөліктерінің формаларымен сырт көзге байқалмағанымен әр уақытта байланыста болып келеді.

Корреляцияларды атқаратын функциясына қарай физиологиялық ,көрші жатқан органдардың формасына, жатқан жағдайына топографиялы, хромосомалардағы гендердің орналасу ерекшеліктеріне қарай генетикалық деп айырады.

Кюзье жасаған корреляция заңының негізіне сүйене отырып, адам мен жануарлардың дене құрылысындағы кейбір бөліктеріне қарай , басқа ерекшеліктері туралы да айтуға болады.Мұның палеонтология мен медицина үшін маңызы зор.

Қорытынды.

Тірі адамның анатомиясын оқу әдістері адам организмнің біртұтастығын сақтауға, қалыптасқан жүйені анықтауға мүмкіндік береді. Организмнің тұтастығы дегеніміз- элементтер мен процестердің арақатынасынан тұратын басқа жүйелерден ерекше қасиеті арқылы ажыратуға болатын күрделі жүйе.

Тірі адамның анатомиясын оқып білу жүйесінде әдіске сай әр түрлі препараттар, кейбір органдардың ұсақ құрылысын, өлшемін тексеру үшін аспаптар қолданылады.

Организмнің немесе жеке органдардың анатомия-морфологиялық құрылысын зерттеуде бұл материалдар өте қолайлы болып табылады.

Адамның дене құрылысын жеке аймақтарға бөліп қарастыра отырып, оқу әдістер арқылы анықтап организмнің тіршілік әрекетін бақылауға мүмкіндік аламыз және сол арқылы алған білімімізді тұжырымдауға кең жол ашылады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- 1.М.М.ДАЙЫРБЕКОВА “ АДАМ АНАТОМИЯСЫНЫҢ ПРАКТИКУМЫ”
- 2.В.В.БУНАК “ АНТРОПОМЕТРИЯ”
- 3.М.А.ГРИМЯЦКИЙ “ АНАТОМИЯ ЧЕЛОВЕКА”
- 4.В.П.ВООБЬЕВ “ АТЛАС АНАТОМИИ ЧЕЛОВЕКА”
- 5.М.И.ИСАМБАЕВ. “ РУССКО ЛАТИНО КАЗАХСКИЙ ТЕРМИНОЛОГИЧЕСКИЙ СЛОВАРЬ”